

АҚАН СЕРІНІҢ «САБЫР ТҮБІ САРЫ АЛТЫН» ӨЛЕҢІНДЕГІ ДІННІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ: ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Р.С. Мухитдинов, Ю. Құрманғазыұлы

АНДАТПА

Бұл мақалада қазақ тіліндегі діннің тілдік бейнесін баяндайтын тақырыптар көтеріледі. Мақаланың зерттеу нысаны ретінде Ақан серінің «Сабыр түбі сары алтын» атты өлеңіне теолингвистикалық талдау жасалады. Ақынның бұл шығармасы тарихи-мәдени контексте ислам құндылықтарын бейнелеп, ислам тарихындағы маңызды, әйгілі оқиғалар мен пайғамбарлардың, дін үшін күрескен діни тұлғалардың үлгісін Науан хазіреттің өмірімен байланыстырып, оның рухани биіктігін айқын көрсететін әдеби мұра ретінде қарастырылады. Мұхаммед, Ибраһим, Мұса секілді ағионимдердің Перғауын, Намрұт, Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли, Фатима, Рахима, Әбу Ханифа секілді діни антропонимдердің тарихын Ақан поляризация, дидактикалық әдіс, идеялық тұтастық, конфликт, антитеза, аллюзия секілді жалпы мәтін талдаудағы филологиялық әдістерді қолдану арқылы баяндауы оның шебер ақын екендігін айқындайды. Осы арқылы ол қазақ халқының діни дүниетанымын айқын жеткізе алған. Құдайдың досы, екі жаһан, сабыр, шапағат, лағнет, рәсулла, үммет секілді діни ұғымдардың қазақ әдебиетіндегі қолданысына тілдік және исламтанулық талдау жасалды. Канондық мәтін немесе сакралды әдебиет саналатын Құран және сүннет мәтіндерінің қазақ поэзиясындағы, әдеби шығармаларындағы орнын көрсету арқылы қазақ халқының діни наным-сенімін анықтауды мақсат тұтылды. Мақалада қазақтың діни дүниетанымының тілдік бейнесін зерттеудің маңыздылығы көрсетілді. Діни тұлғалардың өміріндегі сабырдың рөлі мен оның рухани мәнін Құран аяттары мен хадистер үлгісінде келтіре отырып, Науан хазіреттің тағдырын тарихи және діни контексте ұғынуға талпыныс жасалды.

Түйін сөздер: Ақан сері, Науан хазірет, тілдік бейне, діни дүниетаным, өлең.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Мухитдинов Р.С.,
mukhitdinov.rashid@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Мухитдинов Р.С.,
Құрманғазыұлы Ю.
Ақан серінің «сабыр түбі сары алтын» өлеңіндегі діннің тілдік бейнесі: теолингвистикалық талдау // Адам әлемі. – 2025. – №3 (103). – Б. 131-140.

Языковая картина религии в стихотворении Акана Сери «Терпение – золото»: теолингвистический анализ

Аннотация. В данной статье рассматриваются темы, отражающие языковую картину религии в казахском языке. Объектом исследования является теолингвистический анализ стихотворения Акана Сери «Терпение приносит золотые плоды». В историко-культурном контексте данное произведение поэта рассматривается как литературное наследие, передающее исламские ценности и связывающее известные события исламской истории, пророков и религиозных деятелей, боровшихся за веру, с жизнью Науана хазрета, наглядно демонстрируя его духовное величие. Использование поэтом ағионимов, таких как Мухаммед, Ибраһим, Мұса, а также религиозных антропонимов, таких как Фараон, Намруд, Абу Бакр, Омар, Усман, Али, Фатима, Рахима, Абу Ханифа, раскрывается через применение филологических методов текстового анализа, включая поляризацию, дидактический метод, идейную целостность, конфликт, антитезу и аллюзию. Это подчёркивает мастерство поэта и его умение точно передавать религиозное мировоззрение казахского народа. В статье также проведён лингвистический и исламоведческий анализ употребления в казахской литературе таких религиозных понятий, как «друг Бога», «два мира», «терпение», «милость», «проклятие», «посланник Аллаха», «умма». Целью исследования является выявление религиозных верований казахского народа через анализ роли канонических текстов или сакральной литературы, таких как Коран и Сунна, в казахской поэзии и литературных произведениях. В статье подчеркивается важность изучения языкового образа казахского религиозного мировоззрения. Показана роль терпения в жизни религиозных личностей и его духовное значение на примерах аятов Корана и хадисов, что позволило глубже понять судьбу Науана хазрета в историческом и религиозном контексте.

Ключевые слова: Акан Сери, Науан хазрет, языковой образ, религиозное мировоззрение, стихотворение.

The Linguistic Worldview of Religion in Akan Seri's Poem «Patience is Pure Gold»: Theolinguistic Analysis

Abstract. This article addresses topics reflecting the linguistic image of religion in the Kazakh language. The subject of the study is a theolinguistic analysis of Akan Seri's poem «Patience is the Key to Golden Success». This poem is regarded as an important literary work that reflects Islamic values within a historical and cultural framework. It links pivotal events from Islamic history, including examples of prophets and other religious figures who championed the faith, to the life of Nauan Hazret. This connection vividly demonstrates his spiritual elevation. Akan's use of hagionyms such as Muhammad, Ibrahim, and Musa alongside religious anthroponyms like Pharaoh, Nimrod, Abu Bakr, Umar, Uthman, Ali, Fatima, Rakhima, and Abu Hanifa through philological methods such as

polarization, didactic techniques, ideological integrity, conflict, antithesis, and allusion in general text analysis reveals his mastery as a poet. Through this, he effectively conveys the religious worldview of the Kazakh people. A linguistic and Islamic analysis was conducted on the use of religious concepts in Kazakh literature, including terms like Friend of God, two worlds, patience, intercession, curse, Rasulullah, and ummah. The study aimed to determine the Kazakh people's religious beliefs by demonstrating the place of canonical texts or sacred literature such as the Quran and Sunnah in Kazakh poetry and literary works. The article highlights the importance of studying the linguistic image of the Kazakh religious worldview. By referencing Quranic verses and hadiths to illustrate the role of patience in the lives of religious figures and its spiritual significance, an attempt was made to comprehend the fate of Nauan Hazret within a historical and religious context.

Key words: Akan Sery, Nauan Hazret, Linguistic Image, Religious Worldview, Poem.

Кіріспе

Жалпы лингвистика ғылымының бірнеше саласы тіл мен діннің арақатынасын зерттейді. Мысалы, этнолингвистика тілдің дін және мәдениетпен байланысын зерттесе, прагма-лингвистика діни қатынастардағы тілдің маңыздылығын қарастырады. Ал діни символдар мен белгілер жүйесін семиотика зерттеу нысаны етсе, діннің санаға тіл арқылы әсерін, ықпалын психоллингвистика зерттейді. Жалпы алғанда тіл мен діннің қарым-қатынасын зерттейтін лингвистиканың саласы теоллингвистика немесе діни лингвистика деп те аталады. Бұл салада діни терминология, діни ұғымдар мен діни мәтіндердің лингвистикалық қырлары, діни коммуникация, дін мен тілдік саясат, діни дискурс тақырыптары қарастырылады. Осылардың қатарына діни мазмұндағы әдеби шығармаларды да қоса аламыз. Тіпті дінді когнитивті лингвистиканың нысаны ретінде қарастыруға да болады. Ал исламтану ғылымдарының арасындағы усул әл-фиқһ (фиқһ методологиясы) ғылымының үлкен бір саласы الدلالات اللغوية «әд-дәләләт әл-луғауия» (діни үкім шығарудағы қолданылатын лингвистикалық қағидалар) деп аталады. Бұл салада тілдік ережелердің Құран аяттары мен хадистерден діни үкім шығарудағы маңыздылығы айқындалады. Өйткені адамның ойлауына, санасына, мәдениетіне дінінің, сенімінің ықпалы зор, сол секілді тілдің де діни мәтіндерді түсінудегі орны ерекше. Оның діни санасынан туындаған метафоралар, метонимиялар, тұрақты тіркестер діннің тілдік бейнесін қалыптастырады. Бір адамның немесе тұтас бір халықтың тілін осы қырынан зерттеу арқылы оның діни тілдік бейнесін жасауға, сенімін анықтауға, тіпті кейде ұстанатын діни жолын, мәзһабын анықтауға да болады.

Халықтың діни дүниетанымының тілдік бейнесі оның поэзиясында, прозасында, мақал-мәтелдерінде, тұрақты фразеологиялық тіркестерінде, теңеулерінде көрініс табады. Поэтикалық мәтіндерден халықтың діни дүниетанымын терең ұғыну үшін әдеби шығармалардағы агионимдерді, теонимдерді, реликті ойконимдерді, діни антропонимдерді, мифотопонимдер мен экклезионимдерді де білу қажет.

Қазақ әдебиетінде Құран аяттарына, хадистерге сүйене отырып жазылған, исламдық құндылықтарды дәріптейтін ерекше туындылар бар. Бұл өлең-жырлар қазақ халқының діни дүниетанымын баяндауда маңызды саналады. Солардың қатарына Ақан серінің туындыларын

да қоса аламыз. Ақан сері (Ақжігіт Қорамсаұлы 1843-1913) – ел арасында ақындығымен, серілігімен кеңінен танымал болған. Кеңес үкіметі тұсында оның діни мазмұндағы өлең-жырлары ескерілмей қалды. Соның салдарынан қазақ халқының діни дүниетанымына лайықты баға берілмей келді. Халық Ақанды тек сері, әнші, композитор ретінде таныды. Ал оның шығармашылығында исламдық мазмұндағы өлеңдеріне діни, ислами талдаулар жасалмады. Егер оның шығармаларындағы діни мазмұнға назар салсақ, теоллингвистикалық талдау жүргізсек, оның діни білімге терең бойлаған және шариғат қағидаларын жетік меңгерген тұлға болғанына көз жеткіземіз. Ақан сері алғашқыда ауыл молдасынан сауат ашып, сонан соң 1856-1859 жж. аралығында Қызылжардағы Ахметуәли медресесінде оқыған [1, 8 б.]. Ақан серінің діни білімі оның өлеңдерінде айқын көрініс тапқан. Бұл мақалада біз оның «Сабыр түбі сары алтын» атты өлеңіне теоллингвистикалық талдау жасап, исламдық дүниетанымын зерттейміз. Ақанның бұл өлеңін Ақантануға үлкен үлес қосқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың «Ақан Сері Қорамсаұлы. Шығармалары» атты жинағынан алынды [1]. Ол бұл жинақты Ақаннан жеткен ауыз-екі өлеңдерден, қолжазбалардан, мұрағаттардан жинақтағандығын жазады. Ақанның бұл шығармасында діни антропонимдер, агионимдер, реликті ойконимдер және экклезионимдер көп қамтылған. Осылардың мәні мен мағынасын ашпай, бұл өлең жолдарын да, Ақанның діни дүниетанымын да толық түсіне алмаймыз. Бұл өлеңі Науан хазірет жер аударылған кезде жазылған [1, 173 б.]. XIX-ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін түрлі саяси әрі діни көзқарастардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Саяси және діни тұрақсыздық орнады. Патша үкіметінің отарлау, шоқындыру және орыстандыру саясаты күшейе түсті. Осындай дағдарысты кезеңде қоғамдық күреске жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттың зиялылары араласа бастады. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта халық арасынан шыққан көзі ашық, көкірегі ояу діни қайраткерлер, ақын жыраулар, жазушылар ұлттың егемендігі үшін, тілінің, діні мен ділінің амандығы үшін, халықтың көзін ашу мақсатында қолынан келгенін жасап әрекет етуге кірісті. Сондай тұлғалардың бірі – Наурызбай Таласұлы болатын. Науан хазірет – қазақтың белгілі діни қайраткері, әрі ұстазы. Науан хазіреттің діни іліміне келетін болсақ, Ғылманидің ақпараттарында Қызылжарда Уәли Хазірет деген кісіден 4 жыл сабақ алғандығы айтылады, кейін Бұхарада он жылдай Убайдулла

атты ұстазынан білім алады [2, 186 б.], сонан соң Бағдатта үш-төрт жыл дәріс алып, бір жылдай Көкілташ медресесінде сабақ беруі елінен жиырма жылға жуық жырақта болуына апарды. Діндарлығы мен халық арасындағы беделінің артуына байланысты халықты патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы тұруға шақыруы оны биліктің назарына іліктірді. Сол себепті ол патша үкіметі тарапынан саяси қудалауға ұшырап, жер аударылды. Ақан сері бұл өлеңді Науан хазіретті қолдау, оның дін жолындағы табандылығын, сабырлығын және исламды дәріптеу жолындағы күресін мақтауға арнады. Ақын Мұхаммед пайғамбардың өміріндегі қиындықтарды, оған жасалған қастандықтарды еске түсіріп, Науан хазіретті сол пайғамбарлық өнегемен салыстырады. Жалпы Ақан бұл өлеңінің басынан соңына дейін парабола және дидактикалық салыстыру әдісін қолданады. Ол діни дереккөздердегі Мұхаммед пайғамбардың және басқа да тұлғалардың сынақтарын парабола әдісімен мысалға келтіреді. Ондағы мақсаты діни тұжырымдар арқылы Науанды сабырға шақыру, кейде парабола әдісіндегідей астарлап емес, дидактикалық салыстыру әдісімен айқын, ашық әрі нақты түрде ойын жеткізеді. Өйткені Ақан сері Науан хазіретпен жақын араласқан, әрі Науанның бажасы, құрдасы болған. Ақан сері оның діни білімін және рухани тұлғасын жоғары бағалаған. Өлеңде Науан хазіреттің әділдік пен шариғат жолындағы күресі, қиындықтарға қарамастан, сабырлық танытқаны баяндалады. Ақан серінің бұл өлеңі сол замандағы діни және рухани жағдайды, патша үкіметінің діни қайраткерлерге жасаған қысымын тұспалдап парабола әдісімен көрсетуге бағытталған. Өлеңнің «Сабыр түбі сары алтын» деп аталуы қазақтың танымал нақыл сөзінен алынған. Бұл жерде сабырдың нәтижесі ретінде рухани жеңістің мәні көрсетілген. Ақан сері бұл өлеңді жазу арқылы Науан хазіреттің халқына және дініне адал қызмет еткенін, оның сабырлығы мен төзімділігін дәріптеген.

Әдіснама

Мақаланың зерттеу әдістеріне лексикалық және семантикалық талдау, тарихи-мәтіндік (өлең мазмұнын тарихи деректермен салыстырып, оның негізгі идеяларын анықтау), салыстырмалы талдау (өлеңде сипатталған оқиғалар Құран аяттары мен хадистердегі оқиғалармен салыстыру) және исламдық дереккөздерге негізделген әдістер кіреді. Материал ретінде Ақан серінің өлеңі, қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбар хадистері, исламдық әдебиеттер қолданылды. Өлеңдегі діни антропонимдерді, агионимдерді, реликті ойконимдерді, экклезионимдерді және діни символика мен теологиялық мазмұнды түсіну үшін классикалық ислам мәтіндері негізге алынды. Зерттеу барысында классикалық ислам әдебиеті мен қазақ әдебиетінің діни мазмұндағы байланысы зерделенді.

Ақан серінің «Сабыр түбі – сары алтын» өлеңіне теоллингвистикалық талдау

С.Сейфуллин Ақан серінің шығармаларын алғаш баспадан шығарған кісі. Ол Ақан өлеңдерінің бірқатарын таңдап, оларды жинақтаған. Осы жинаққа Ақанның діни мазмұндағы бір ғана өлеңі қосылған. Ол «Ақанның дін туралы айтқаны» деп аталады. Онда Ақан өзінің діни ұстанымын былайша баяндаған:

*Дүниенің қызығын кешіп өтіп,
Тәттіліктің алмадық еш ләззатын.
Парһйизгар супылардың жолыменен,
Құдайға құлшылықта ғибадатым.
Айырушы Алла бар, не ғамым бар,
Адамның ішкі сырын, заһар, батын* [3, 19-20 бб.].

Жалпы бұл өлең шумағынан Ақанның құлшылығына берік, сопылық бағытқа бүйрегі бұратынын байқауға болады.

Науан хазірет қудалауға ұшырып, жер аударылғанда Ақан сері оған мұсылмандар үшін агионим саналатын Мұхаммед, Мұса, Ибраһим, Жүніс, Айюб сынды пайғамбарлардың дұшпандары тарапынан көрген зәбірлерін, ислам тарихында, мәдениетінде ерекше антропоним деп есептелетін төрт халифа, Фатима анамыз және имам Әбу Ханифа секілді діни қайреткерлердің сынақтарын есіне салып оны жұбатып, жігерлендіріп төмендегі өлең жолдарын арнайды. Діни-тарихи оқиғаларды мысалға келтіреді. Осы өлең жолдарында Ақан серінің діни білімінің терең екендігі, ислам тарихын жетік білгендігі айқын байқалады. Енді осы өлең жолдарын шумақ-шумаққа бөле отырып, теологиялық және лингвистикалық талдау жасасақ.

*Бұл істі жек көрмеймін бір себептен,
Сүйкімді жан өткен жоқ Мұхаммедтен.
Құдайдың Өзі сүйген досты сенсің,
Әбу Жәһіл лағынет қастық еткен.
Шырағын екі жаһан қорлаймын деп,
Ақырында солар дағы не боп кеткен.*

*Болар деп артқы жағы сол секілді,
Сүйінші ғып құанамын хазіретпен* [1, 174 б.].

Ақан бұл шумақта парабола әдісін де, дидактикалық салыстыру әдісін де қолданған. Науан хазірет жер аударылып бара жатқанында Ақан сері өзінің бұл істі аса жек көрмейтіндігін, бұл істі де бір қайыры барына сенетіндігін «Бұл істі жек көрмеймін бір себептен» деген өлең жолдарымен бастайды және әрі қарай бұлай айтуының себебін түсіндіреді. «Сүйкімді жан өткен жоқ Мұхаммедтен» деген қатарда Ақан мынаны меңзеп тұр: мұсылмандардың сенімі бойынша, адамзаттың абзалы, ең ардақтысы, Алланың сүйікті құлы әрі пайғамбары – Мұхаммед екенін Құран аяттары мен хадистерге сүйене отырып келтірген. Ахзаб сүресінің 21-аятында Алла елшісінің барлық ісінде көркем өнеге бары айтылады: «Шүбәсіз, Алла елшісінде сендер үшін қай жағынан алсақ та, теңдессіз үлгі-өнеге бар» [4, 420 б.]. Осы секілді аяттардан Пайғамбарымыздың Алланың ең

сүйікті, таңдаулы құлы екенің байқаймыз. Ақан сері өлең шумағында «екі жаһан шырағы» тіркесі арқылы Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) бүкіл адамзаттың жарығы, туралықтың символы ретінде көрсетеді. Оның келуімен дүние жүзі нұрға бөленді, ал ақыретте оның үмметі оның шапағаты арқылы тағы да нұрға бөленеді. «Екі жаһан» ұғымы: фәни жаһан (уақытша өмір) мен бақи жаһан (мәңгілік өмір). Ислами дереккөздерде Алла тағалаға бұ дүниедегі ең ауыр сынақтарды пайғамбарларға, одан кейін Өзі жақсы көретін, өмірдің қиыншылықтары бастарына түскенде мойымайтын, Құдайға деген сенімдеріне селкеу түспейтін құлдарына беретіндігі айтылады. Ақын өлең жолдары арқылы Алла Тағала Өзінің сүйікті құлдарын міндетті түрде сынайтынын тілге тиек етіп, Науан хазіретке рухани қолдау көрсетуді көздейді. Құранда ол туралы Анхәбут сүресінің 2-3 аяттарында: «Сонда адамдар «иман келтірдік» десе болды, (бұл өмірде) сынақтан сырт қаламыз, жайымызбен жүре береміз деп ойлай ма? Шүбәсіз, Біз олардан бұрын өмір сүрген, иман келтіргеннің бәрін сынап бақтық. Әлбетте, Алла (иман еттім дегенде) сөздері мен ниеттерінде шынайы болғандарды анықтап біледі, ал өтірікшілерді, сөз жоқ, әшкерелейді [4, 396 б.]. Өбу Сағид әл-Худриден (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Адамдардың арасында сынақтың ең ауыры пайғамбарларға беріледі, содан кейін олардың жолын ұстанғандарға» [6, 323 б.]. Бұл хадисте пайғамбарлардан кейін шынайы дін жолында жүргендердің де сынаққа ұшырайтыны айтылған. Ақан Құран аяттары мен хадистердегі осы мағынаны әдебиеттегі топос немесе канондық сілтеме тәсілімен жеткізген деуге келеді. Науан хазіреттің тағдыры осы хадистің жарқын көрінісі. Ақан сері осы хадисте келген мәліметтерді білгендігі үшін Науанның есіне пайғамбарлар мен діни көрнекті тұлғалардың сынақтарын мысалға келтірген және Науанның да солардың қатарында деген сенімі барын Мұхаммед пайғамбарға қарата айтылған «Құдайдың Өзі сүйген досты сенсің» деген жолдармен жеткізеді. Яғни «Науан Алла тағала сені де жақсы көреді, сен де Алланың сынақтарына төтеп бере алатын достарыңансың» деп Науанды торықпауға, жасымауға Мұхаммед пайғамбарды үлгі тұтуға шақырады.

Ақан сері Алла тағаланың пайғамбары Мұхаммедтің өзі де бұл дүниеде қуынға ұшырағанын, ол да туған жерін тастап, басқа жаққа көшуге мәжбүр болғанын есіне салады. Оның туған жері Меккені тастап Мәдинаға қоныс аударуына себепші болғандардың басында Өбу Жәһіл тұрды. Ақын осы себепті де өлеңіне «Өбу Жәһіл лағынет қастық еткен» деп қосқан. Ақан Өбу Жәһілді мысалға келтіру арқылы аллюзия әдісімен өзі өмір сүрген замандағы дін дұшпандарында меңзеп кеткен. Мақсаты оқырманға ой салу. Енді осы жерде діни терең мәні бар, діни дүниетанымда өте ауыр саналатын «лағнет» сөзін талдауға

тоқталсақ. «Лағнет» сөзі Араб тіліндегі «لَعْنَة» (лаъна) сөзінен алынған қазақ тілінде «қарғыс», «Алланың рақымынан алыстау» деген мағынаны білдіреді. Ислам дінінде «лағнет» ұғымы Алланың мейірімінен айырылғандарға немесе үлкен күнә жасаушыларға бағытталады. Құранда «лағнет» сөзі бірқатар аяттарда кездеседі, онда зұлымдық жасаушыларға, өтірікшілерге және кәпірлерге қарсы бағыттала айтылған. Исламның негізгі құндылықтары әділдік, мейірімділік және ақиқат жолын ұстануды дәріптесе, Өбу Жәһіл бұл құндылықтардың барлығына қарсы әрекет етті. Ислам дінінде адамдарды тікелей лағнеттеуге тыйым салынған. Өйткені ол ақыретте жаннаттан үмітсіз шайтанға қарғыс сөз ретінде қолданылады. Ал адамның көкірегінен жаны шыққанға дейін тәубе етіп, ақыретте жаннатқа кіруге үміті бар саналады. Сондықтан хадистерде егер лағнет лайықсыз қолданылса, оның зияны айтушының өзіне тиетіні туралы ескертіледі. Алайда Ақан серінің Өбу Жәһілге қатысты «лағнет» сөзін қолдануы діни тұрғыдан Құран мен хадистерге негізделген. Өбу Жәһіл исламның алғашқы жылдарында Пайғамбар мен мұсылмандарға үлкен қастандық жасаған меккелік көсемдердің бірі және ол бұ дүниеден имансыз, мұсылмандарға қарсы соғыста өледі. Осыны еске ала отырып, ақын Науан хазіреттің де өз заманының «дін дұшпандары» тарапынан зұлымдыққа ұшырағанын аллюзия әдісімен меңзейді. Бұл шумақ Пайғамбардың дұшпандарының әрекеттерінің соңында олардың өздеріне зиян әкелгенін көрсетеді. Ислам тарихындағы белгілі оқиғалардың бірі – Бәдір шайқасы. Бұл шайқаста мұсылмандар саны аз болғанына қарамастан, Алланың көмегімен жеңіске жетті. Өбу Жәһіл осы Бәдір шайқасында өлім құшқан [7, 283 б.]. Бұл оқиғаны ақын: «Шырағын екі жаһан қорлаймын деп, Ақырында солар дағы не боп кеткен» деп сабыр мен тәуекелдің нәтижесінде жеңістің келгенін Науанның есіне салады. Ақын Құран мен хадистегі пайғамбарлық өнеге арқылы Науан хазіреттің сабырлығына, табандылығына және оның рухани жеңіске жететініне сенетіндігін дидактикалық салыстыру әдісімен былайша жеткізеді: «Болар деп артқы жағы сол секілді, Сүйінші ғып қуанамын хазіреттен». Ал Мұхаммед пайғамбар мен Өбу Жәһілді бір-біріне қарамасы-қарсы жағымды және жағымсыз кейіпкер ретінде беруі антитезалық әдіске жатады.

Өбу Ханифа мен пайғамбарлар мысалы

*Жүз қамшы Имам Ағзамға қамшы соғып,
Зынданға Мансұр патша хүкім еткен.
Кемеден Жүніс пайғамбар жығылғанда,
Қырық күн балық қарнында мекен еткен [1, 174 б.].*

Одан әрі Ақан сері ислам әлеміндегі танымал төрт фикһ мектебінің бірі ханафи мәзһабының негізін қалаушы имам Өбу Ханифаның (һ.

80-150 жж) да өмірінен: «Жүз қамшы Имам Ағзамға қамшы соғып, Зынданға Мансұр патша hükim еткен», – деп мысал келтіреді. Әбу Ханифа өзінің фикһ саласындағы тапқырлығымен пәтуа беруде аяттар мен хадистерден үкімдер шығаруда аса терең талдаулар жасап, әдістерді шебер қолдана алғандығымен де «Имам Ағзам» (ұлы имам) атанған. Сондықтан ханафи мәзһабы бойынша жазылған фикһ кітаптарында «имам» сөзі осы Әбу Ханифаға қолданылады. Діни жыр-дастандарда да бұл лақап сол кісіге қарата айтылған. Тіпті қазақтың діни жыр-дастандарында, дұға-баталарында Әбу Ханифаның «Имам Ағзам» деген лақап аты төрт халифаның есімдерінен кейін агнионимге де жатуы мүмкін есімдерге кіре ме деген ой да бар. Түркі халықтарының басым көпшілігі осы мәзһабын ұстанады, оның ішінде қазақ халқы да бар. Ақан серінің имам Әбу Ханифаны мысалға келтіруі біздің жұрттың ханафи мәзһабын ұстанатындығына жанама дәлел де болады. Бұл өлең жолдарындағы «Мансұр патша» Аббас халифатының екінші халифы Әбу Жағфар әл-Мансұр (754-775 жж.). Ол ел арасында «Мансұр» деген атымен де танымал. Әбу Жағфар әл-Мансұр билік құрып тұрған кезінде Әбу Ханифаны Бағдатқа шақыртып, мемлекеттің бас қазысы қызметін ұсынады. Алайда имам ол қызметтен бас тартады. Өйткені Әбу Ханифаның ел арасындағы құрметін, беделін патша өзінің мүддесіне қолданып кете ме деген күмән бар еді. Мансұр патша ұсынысынан бас тартқаны үшін Әбу Ханифаны түрмеге қамап, дүре соғып жазалайды [8, 253 б.]. Әбу Ханифа мен Мансұр патшаны да конфликт әдісімен бір-біріне қарама-қарсы қойған. Бұл жолдар Имам Ағзам Әбу Ханифаның сабырлығын Науанның есіне түсіреді. Ислам шариғатында дүре соғу жазасы жала жабу, адамды мас қылатын ішімдік секілді жағдайларға қолданылады. Бұл жазаның мақсаты адамды күнәсынан тазартып, қоғамдағы тәртіпті сақтау. Алайда Имам Әбу Ханифаның жағдайында бұл жаза шариғат талабымен емес, саяси қысымның нәтижесінде орын алады. Зындандағы ауыр өмірге денсаулығы жарамаған имам Әбу Ханифа һижраның 150 жылы (миләди 767 ж.) ережеп айында Бағдат түрмесінде дүниеден өтеді. Оның бұл сабырлығы мен табандылығы мұсылман қауымына үлгі болып, оның беделін одан ары арттырады [9, 152-155 бб.]. Ақан сері Науан хазіретке ақиқат жолында құрбан болған осындай ұлы тұлғалардың да бар екенін дидактикалық әдіспен әдемі есіне салуда. Ақан сері одан кейін Жүніс пайғамбардың сынағын Науанның есіне түсіреді:

Кемеден Жүніс пайғамбар жығылғанда,

Қырық күн балық қарнында мекен еткен [1, 174 б.].

Жүніс пайғамбар қауымын дінге қанша шақырса да иманға келмегеннен соң бір кемеге мініп, елін тастап кетеді. Сонда ол Алланың сынағына ұшырап, оны үлкен балық жұтып қояды. Балықтың қарнында болған Жүніс пайғамбар Аллаға дұға жасап, тәубе етеді. Саф-

фат сүресінің 139-144 аятында: «Шүбәсіз, Юнус те (Алланың хақ дінін насихаттау үшін) жіберілген пайғамбарлардың бірі еді. Бірде ол (күпірліктен қайтпаған қауымына) ашуланып, қожайынынан қашқан құлға ұқсап, өз бетімен қауымын тастап, жолаушыға лық толы кемеге мініп кеткен еді. Ол (жол үстінде) кемедегілермен бірге жеребе салысып, жеребеден ұтылып қалды. (Содан кемедегілер оны суға тастап жіберді), сонда ол (Алланың рұқсатынсыз өз бетімен қауымын тастап кеткеніне қатты өкініп) өзін-өзі жазғырумен болған еді, сол-ақ екен, оны бір алып балық жұтып қойды. Егер ол Раббысын үнемі лайықты деңгейде ұлықтап, дәріптейтін жан болмағанда, Қиямет орнап, өлілер қайта тірітілетін күнге дейін сол балықтың қарнында қалар еді [4, 451 б.]. Әнбия сүресінің 87-88 аяттарында: «Алайда ол кейін (қараңғы түнде, теңіздің түбінде) һәм өзін жұтып қойған балықтың ішінде) қат-қабат зұлматтардың ішінде жатып: «Сенен басқа тәңір жоқ! Сен мінсізсің (жаратылысқа тән кемшілік атаулыдан, дәрменсіздіктен, мұқтаждықтан адасың)! Мен, расында да, өз-өзіне қиянат жасаған залымдардың бірі болыппын!» – деп тәубе етіп, жалбарынған еді. Біз оның да дұғасын қабыл алып, еңсесін басқан қайғы-мұңнан айықтырып, қиын-қыстау жағдайдан құтқардық. Міне, Біз шынайы мүміндерді осылай құтқарамыз» делінген [4, 329 б.]. Ақан сері Жүсіп пайғамбардың балық ішіндегі қапаста жатуы оның жер аударылуынан да қиын сынақ екендігін Науанның есіне салғандай. Діни мәтіндердегі символдық мәні бар жан-жануарлардың қатарында Жүсіп пайғамбарды жұтқан алып кит те бар. Келесі өлең жолдарында Ақан Мұса пайғамбардың өмірінен мысал келтіреді:

Ферғауын қанша әскермен қамағанда,

Мұсаға Ніл дариясы жол боп кеткен [1, 174 б.].

Жағымды және жағымсыз тұлғалардың немесе кейіпкерлердің ұстанымдарын, дүниетанымдарын бір-біріне түбегейлі қарсы қою арқылы әдеби шығарманы әсемдейтін әдістердің бірі поляризация әдісі Мұса мен Перғауынның арасындағы теке-тіресті баяндайтын әдеби шығармаларда жиі қолданылады. Осы әдісті Ақан да қолданған. Мұса пайғамбар Мысырда елді дінге шақыра бастағанда, оның бұл ісі Мысырды билеп-төстеп отырған Перғауынға ұнамайды. Ол Мұсаның дінге шақыруы өзінің билігіне төнген қауіп деп санайды. Ол Мұса пайғамбарды және оның соңынан ергендерді өлтіруге бел буады. Мұса мен оның қауымы Перғауыннан қашып, Мысырдан шығып кетеді. Перғауын олардың артынан қуады. Арттарынан жау қуып келе жатқан Мұса мен қауымы дарияға барып тірелгенде, Алланың мұғжизасы болып, дария екіге айырылады да, оларға дарияның арғы жағалауына өтетін жол ашылады. Құранда бұл қисса туралы Шуғара сүресінің 52-67 аяттарында былай баяндалған: «Ақыр соңында Мұсаға: «Құлдарымды ертіп, түңделетіп жолға шық. (Алайда Перғауын да қарап жатпайды) Сондарыңнан сөзсіз қуғын салады», – деп уахи

еттік. Сол кезде Перғауын (жазалаушы әскерін жинау үшін) барлық қалаға шабармандарын жіберді (ат шаптырды). «Анығында, бұлар саны аз тобыр ғана. Сонда да түрлеріне қарамай біздің ашуымызға тиюде. Ал біз олардың жанында жұдырықтай жұмылған өте сақ, қырағы қауымбыз», – деді. (Ал енді Перғауынның қалай соңынан түскенін айтайық). Перғауын әскері күн шыға (түнделетіп жолға шыққан) Исрайыл ұрпақтарының соңына түсті. Екі топ бірін-бірі қозы көш жерден көргенде, Мұсаның жанындағылар: «Ойбай, бізді қуып жетті!» – деп жанұшырды. Мұса еш саспастан: «Жоқ, Раббим сөзсіз менімен бірге, Ол маған тығырықтан шығар жолды көрсетеді», – деді. Біз сол сәтте Мұсаға: «Асатаяғыңмен теңізді ұр», – деп уахи еттік. Сол-ақ екен, Мұсаның таяғы тиген теңіз суы қақ жарылды да (орта-сынан жол ашылып) екі жағындағы су алып таудай болып көтеріле берді. Оларды да (яғни Перғауын мен әскерін де) сол араға ентелете жеткізген едік. Ақырында Мұсаны һәм онымен бірге болғандардың барлығын (Перғауынның қанды шеңгелінен) құтқардық. Содан соң, өзгелерді суға батырдық. Шүбәсіз, осы оқиғада ерекше ғибрат бар. (Ұа, Мұхаммед! Қауымыңның дені иман етпеуде деп мұңайма. Өзің естіп-білгендей, өздеріне қанша жерден мұғжиза көрсетілсе де олардың (перғауын әулетінің тіпті, Мұсаның қауымының көпшілігі) мүмін емес-ті» [4, 369 б.]. Одан кейін Ибраһим пайғамбардың өмірінен мысал келтіреді.

Намұрт Ибраһимді отқа атқанда,

От оған гүл бостан боп қызмет еткен [1, 174 б.].

Поляризация әдісі Ибраһим мен Намұрттың арасындағы оқиғаны баяндайтын шығармаларда да көп қолданылады. Діни қиссалардың қатарында жиі айтылатындардың бірі Ибраһим пайғамбар мен Намұрт патшаның қиссасы. Бұл қиссада айтқанына көнбеген Ибраһим пайғамбарды Намұрт патша отқа тастап жазалағысы келеді. Алайда Алланың қалауымен от оны өртемейді де, күйдірмейді де. Ақан сері басына осындай сынақ түскен Ибраһим пайғамбардың Аллаға деген сенімінің, сынаққа төтеп берудегі сабырын Науанға үлгі етеді. Бұл мұғжиза Әнбия сүресінің 69-аятында баяндалған: «Біз: «Әй, от! Ибраһим үшін салқын һәм қауіпсіз (залалсыз) бол!» деп айттық» [4, 327 б.]. Осылайша, Ибраһим пайғамбар аман қалды. Ибраһим пайғамбардың бұл батыл әрекеті тек пұтқа табынушылардың негізсіз сенімдерін әшкерелеп қана қоймай, шынайы Жаратушының құдіретін бүкіл әлемге паш етті. Ақан келесі кезекте Жүсіп пайғамбардың қиссасынан мысал келтіреді.

12 жыл зынданда Жүсіп жатып,

Құданың құдіретіне шүкір еткен.

Жүсіп те қандай болды ақырында

Мысырға патша болып хукім еткен [1, 174 б.].

Жүсіп пен ағаларының арасындағы және Мысырдағы басынан өткен оқиғаларды баяндауда поляризация әдісі қолданылмайды.

Өйткені бұл жерде Жүсіп пен қарсы топтың арасында түбегейлі қарама-қайшылық жоқ. Сондықтан бұл жерде жағымды және жағымсыз тараптар арасындағы тартысты баяндау конфликт әдісіне келіңкірейді. Жүсіп пайғамбардың ағалары одан әкелерін қызғанып, оны құдыққа тастап кетеді. Кейін оны құдықтан құтқарып алғандар құлдыққа сатып жібереді. Кейіннен патшаға қызмет етіп жүрген кезінде әйелдердің жаласының салдарынан зынданға тасталады. Ол сол зынданда 12 жыл жатады, бірақ ол бір сәтке болсын Аллаға деген тәуекелінен, сенімінен айырылмайды. Ақырында түрмеден шығып, Мысырдың қазынасына жауапты уәзірлік қызмет атқарады. Кейіннен қуаншылық болып, жер-жерде аштық орнап жатқанда, кезінде өзін құдыққа тастап кеткен ағаларына жәрдемдесіп, оларды Мысырға көшіріп алады.

Алла аурумен сынаған Айюб пайғамдардың сабырлығын да Ақан сері мысалға келтіреді. Пайғамбарлар қиссасында Айюб пайғамбардың денесі құрттап, біраз жыл азап шексе де Алланың шипасына деген үмітінен баз кешпейді. Қиссада ол денесінен түсіп қалған құртты қайта орнына салғандығы да айтылады. Яхия ибн Сәләм жеткізген деректе былай делінеді: «Оның (Айюб пайғамбардың) денесінен құрттар жерге түсіп жататын, ал ол оларды қайта орнына қойып: «Алланың сендерге берген несібесінен жеңдер», – дейтін» [10, 93 б.]. Алланың құдіретімен Айюб пайғамбардың денесі сауығады, бұл оның сабырлығы мен тәуекелінің жемісі еді. Ақан Айюб пайғамбардың сабырын келесідей өлең жолдарымен жеткізеді:

Алты жыл Айюбты құрт шаққанда

Ниғматул Ғабит атанып сабыр еткен.

Алты мың құрт жабылған денесіне,

Таялған мойын тамыр күресіне.

Орнына түскен құртын қайта салып,

Ғаділдік еткен екен төресіне.

Айюб та қандай еді дені сауда,

Не қылдық мұнша жүріп кәпір жауға? [1, 174 б.].

Қасиетті Құран кәрімдегі Әнбия сүресінің 83-84 аяттарында бұл туралы былай делінеді: «Сонымен қатар, (қауымының көсемі, жолбасшысы болған) Айюбты да есіңе ал! Кезінде ол: «Ұа, Раббим! Мына дерт маған ауыр тиді (әбден кесірін тигізді, Өзіңе құлшылық етуден де қалып барамын). Сен рақымдылардың ең рақымдысысың!» – деп жалбарынған еді. Біз де өз кезегімізде оның дұғасын қабыл алып, тарапымыздан рақым және Аллаға жантаңімен құлшылық ететін жандар үшін ғибрат болсын деп, оны дертінен құлан-таза айықтырдық. Сондай-ақ оған бұрынғы балашағасына қоса тағы да соншама бала-шаға нәсіп етіп басына бас қостық [4, 329 б.], Сад сүресінің 44-аятында: «Біз оның, шынымен де, өте сабырлы екенін анық көрдік. Ол қандай керемет құл еді! Ол Раббысына үнемі жантаңімен бет алатын өте таубешіл жан еді» делінген [4, 456 б.]. Ақан сері осы өлең жолда-

рында Айюбты сипаттайтын «ниғма әл-абду» тіркесін Сад сүресіндегі «Ниғма әл-абду (Ол қандай керемет құл еді!) сөзінен алған. Ол тіркестегі «نِغْمَ» (ниғма) етістігі мадақтау және жақсы сипаттарды көрсету үшін қолданылады. Оның түбірі «ن ع ن» (н-ғ-м), мағынасы: «жақсы», «жақсы көріну», «жақсылық» немесе «мақтауға лайық болу» дегенге саяды. Бұл етістік мақтау сөздерін айтуда және адамның ерекше сипаттарын атауда қолданылады. العبد (әл-ʿabd) сөзінің түбірі «ع ب د» (ʿ-б-д), мағынасы: «құлшылық ету», «мойынсұну», «құл болу». Құранда «әл-ʿabd» сөзі Алланың құлы ретінде, яғни Оған толық мойынсұнған адамды білдіру үшін қолданылады [11, 449 б.]. Бұл да Ақанның Құран аяттары мен тәпсірлерінен хабардар болғандығын көрсетеді.

Айюб пайғамбардың (ғ.с.) әйелі оның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін барын салатын [12, 616 б.]. Бұл оқиға Алла Тағаланың Құранда: Құлымыз Айюбты да есіңе ал! Есіңде болса, ол Раббысына: «Расында, мен мына шайтанның кесірінен біртүрлі дымым құрып, зор қасіретке душар болдым», – деп үн қатып, мұңын шаққан еді. Сонда оған: «Аяғыңмен жерді теп!» – дедік. Һәм: «Міне, мынау саған жуынатын Һәм ішетін сап-салқын қайнар су!» – дедік («Сад» сүресі, 42-аят) деген аятында баяндалған. Ақан сері Айюбпен бірге оның сынағына сабыр еткен жары Рахиманы да мысалға келтіреді.

*Рахима бір тұлымын нанға сатып,
Айтпастай ақырында қалды дауға.*

Рахима ақырында қандай болды,

Сабыр түбі сары алтын көп шыдауға [1, 175 б.].

Айюб пайғамбар мен жұбайы Рахиманың арасында идеялық тұтастық бар. Айюб пайғамбардың әйелі Рахима өзінің сабыры және күйеуіне адалдығымен танымал. Тәпсір ғалымдарының айтуынша, бірде Айюб пайғамбардың әйелі Рахима азық-түлік табу үшін өзінің өрілген шашын сатып, орнына алған нанды Айюбке беріп тамақтандырды. Бірақ Айюб пайғамбар бұл әрекетке ашуланып, оған пенжімді және «егер Алла мені сауықтырса, саған жүз дүре соғамын» деп серт берді. Алайда, Алла Тағала оны сауықтырған соң, оның мейірімді әрі жанқияр адал жарына осындай әділетсіз жаза қолдану оған ауыр тиді. Сонда Алла Тағала оған мынадай жеңілдік жолын көрсетті: «Қолыңа бір бума (шамамен жүз тал шыбықтан тұратын) алып, сонымен бір рет ұрып, сертінді бұзба». Осылайша, Айюб пайғамбар берген сертін орындады [13, 456 б.]. Ақынның «Айтпастай ақырында қалды дауға» деген өлең жолдарында осы оқиға мензелуде. Бұл да өз кезегінде Ақан серінің Құран тәпсірі, діни кесіздерді қаншалықты терең меңгергенін аңғартады. Рахиманың бұл әрекеті – адалдық пен төзімділіктің үлгісі. Ақан сері Айюб пайғамбар мен Рахиманың оқиғасын сипаттай отырып, сабыр мен төзімділіктің маңызды қасиет екенін дәріптейді. Сонымен қатар Аллаға толықтай тәубемен бет бұрған

адамдар үшін қиыншылықтардан шығатын жол бар екенін көрсетеді. Бұл өлең жолдары мұсылмандарды сынақтарға төзімді болуға және Алланың мейіріміне сенуге шақырады. Сонымен қатар отбасын сақтап қалудың да маңызды екендігін баяндайды. Сабырдың түбінде сары алтын, яғни рухани жеңіс пен молшылық бар екені айқын көрсетілген [14, 287 б.].

Сахабалар мысалы

Ақан өлеңін қара сөзбен жалғастырады:

Пайғамбардың (с.ғ.с.) үмметке өсиеті

Төрт шаһаржар мен пайғамбарына Әбу Бәкір Сыдық, Ғұмар, Ғұсман, Ғали патша аталарымыз, Фатима анамыз отырғанда алтын табақпен бал қосқан тағам келген екен. Жалғыз талқылы бар ортасында кейінгі үмметіне мирас болғандай бір-бір ауыз сөз сөйлейік, сөйтіп атайық депті пайғамбарымыз [1, 175 б.]. Яғни олар кейінгі ұрпаққа үлгі болатын игі сөздерді өсиет еткісі келген. Ақын бірінші кезекте Пайғамбарымыздың өсиетінен бастайды.

Рәсулла сөйленпті:

Үмметім нұры нұрлы дүр үшбу тастан,

Үмметіме шапағат қылмақ татлу дүр үшбу балдан.

Үмметіме шапқат қылмағым,

Жіңішке дүр үшбу қылдан [1, 175 б.].

Бұл шумақтағы «Рәсулла» сөзі «Алланың елшісі» (расул Аллах) деген мағынаны береді. Діни дерек көздерде бұл Мұхаммед пайғамбарға қолданылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үмметінің иманының нұрлы болуын тілеп, тура жолда жүруге шақырады. Сонымен қатар бұл жолдарда Пайғамбардың өз үмметіне деген махаббаты, шапағаты мен мейірімі бейнеленген. Пайғамбарымыздың басты мақсаты – үмметін тура жолға бағыттау және олардың ақыреттегі игілігі үшін шапағат ету. Таһа сүресінің 109-аятында «Ол күні ешкімнің шапағаты пайда бермейді, тек Рахман (Алланың) рұқсатымен және сөздеріне разылық білдірілген адам ғана шапағат ете алады» [4, 319 б.] деп шапағаттың Алланың рұқсатымен ғана жүзеге асатынын, ал Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) шапағат етушілердің ең төресі екенін меңзейді. Исра сүресінің 79-аятында былай келген: «Раббыңның сені «Мақам Махмұдқа» (ең биік, ең ауқымды шапағат тұғыры – мақтаулы тұғырға) шығаратындығынан үміт ете аласың» [4, 290 б.]. Бұл аяттағы «мақтаулы дәреже» Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Қиямет күні үмбетіне шапағат ету мәртебесін білдіреді.

Халқымыз Алла елшісінің (с.ғ.с.) тек бұл дүниеде ғана жанашыры емес, ақыретте де «үмбетім» деп қолқанат болатынына, Алладан олар үшін бас сауға сұрайтынына сеніп, шапағатына үміт еткен, сондықтан дұғаларына да үнемі: «Алладан рақмет, Пайғамбардан шапағат болсын», – деп қосатын болған. Шапағатқа қатысты Мұхаммед пайғамбар бы-

лай деген: «Әрбір пайғамбардың Алла қабыл ететін бір дұғасы бар. Барлық пайғамбар сол дұғасын жасауға (іске асыруға) асықты. Мен болсам бұл дұғамды Қиямет күні үмбетіме шапағатта қолдану үшін ақыретке сақтадым. Иншаллаһ, үмбетімнен Аллаһқа ширк (серік) қоспай өлгендер (қайтыс болғандар) одан нәсіпкер болады», – деген хадис дәлел болады [16, 275 б.]. Пайғамбарымыз шапағат еткен жандардың жаннатқа кіретініне кәміл сенген ата-бабамыз енді бірде:

Шапағат етіп пайғамбар,

Болмасын тоқтау жолымыз.

Ғибрат етіп, жақсылар,

Жаннатқа әбден кірген соң,

Ұстасын оң қолымыз.

Шапағат етсе пайғамбар,

Жаннатқа неғып кірмейміз, – деп жырлайды [15, 74 б.].

Ақын ары қарай Пайғамбарымыздың жан серігі әрі алғаш халифа болған Әбу Бәкір Сыддықтың өсиетімен жалғайды:

«Әбу Бәкір Сыддық сөзі:

Пайғамбарым нұры нұрлы дүр үшбу тастан,

Пайғамбарым сүннетін істемек татлу дүр үшбу балдан.

Пайғамбарым сүннетін орнына келтірмек, Жіңішке дүр үшбу қылдан» [1, 175 б.].

Мұсылмандар үшін Мұхаммед пайғамбардың сүннеті Құраннан кейінгі соқралды мәтін және діни канондардың негізі саналады. «Сүннет» сөзінің әр исламтану ғылым саласына қарай мағынасы ерекшеленіп отырады. Мысалы, фиқһ ғылымында сүннет деп істесең сауап, істемесе күнә саналмайтын және құлшылығыңның дұрыстығына әсер етпейтін амал. Хадис ғылымында Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздері, істері және құптаулары сүннет деп аталады. Ал жалпы діни шығармаларда «сүннет» сөзі термин ретінде Мұхаммед пайғамбардың жолы деген мағынаны береді. Яғни мұсылмандар үлгі ретінде ұстанатын діни жол. Ақан жоғарыдағы өлең жолдарында сүннетті осы жалпы діни мағынасында қолданған. Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) пайғамбардың ең жақын серігі әрі исламның алғашқы халифасы болды. Әбу Бәкір (р.а.) сүннеттен ауытқымау туралы былай деген: «Мен Алланың елшісі (с.ғ.с.) істеген еш нәрсені тастамаймын. Егер оның бұйрығынан бір нәрсені тастап кетсем, адасып кетемін деп қорқамын» [16, 314 б.]. Бұл да Әбу Бәкірдің (р.а.) сүннетті бұлжытпай ұстанғанын және оны орындау – адасушылықтан сақтанудың жолы екенін көрсетеді. Ақын ары қарай Осман ибн Аффанның өсиетін келтіреді:

«Ғұсман айтты:

Құран нұры нұрлы дүр үшбу тастан,

Құран оқымақ татлу дүр үшбу балдан.

Құранды құрметпенен оқымақтық,

Жіңішке дүр үшбу қылдан» [1, 175 б.].

Құран мұсылмандардың басты соқралды мәтіні, барлық канондарының асылы. Осман ибн Аффан (оған Алланың разылығы

болсын) Омардан кейін ислам халифатын басқарған үшінші халиф. Ол Әбу Бәкірдің заманында жинақталған Құранды көбейтіп, бүкіл мұсылман үмбетіне таратқан халифа ретінде танымал. Османның өсиеті – Құранды оқу, оны түсіну және құрметтеу. Осман ибн Аффан (р.а.) былай деген: «Егер жүректеріміз таза болса, Алланың сөзінен (Құраннан) ешқашан тоймас едік» [19, 234 б.]. Бұл өсиеті мұсылмандарды Құранды оқу арқылы жүректерін тазартуға және оны үнемі оқуға ынталандырады. Хазірет Осман (р.а.) Құранның тек оқу немесе жаттау үшін емес, өмірде қолдану үшін түскенін айтқан: «Құран шапағат етуші әрі шапағаты қабылданушы. Кім оны өзіне жетекші етсе, ол оны жаннатқа бастайды. Ал кім оны елемей, артта қалдырса, ол оны тозаққа сүйрейді» [20, 124 б.]. Бұл өсиет мұсылмандарды Құранды өмірінде жетекші етіп алуға шақырады.

Қорытынды

Қазақ халқының діни дүниетанымын терең түсіну үшін оның тіліндегі, мақал-мәтелдеріндегі, тұрақты тіркестеріндегі, теңеу, метафраларындағы, жыр-дастандары мен прозалық шығармаларындағы діни ұғымдар мен терминдердің қолданысын зерттеу қажет. Өйткені қазақ дінінің тілдік бейнесі осыларда көрініс тапқан. Ақын-жыраулар діни насихаттарды өлең шумақтарымен жеткізіп те отырған. Осы ойдың негізінде Ақан серінің Науан хазіретке арнап жазған «Сабыр түбі сары алтын» деген өлең жолдарына теолингвистикалық талдау жасалды. Зерттеу барысында ислам дініндегі аиконимге айналған Мұхаммед, Ибраһим, Мұса, Аһіюб, діни антрапоним саналатын Перғауын, Намрұт, Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли, Фатима, Әбу Ханифа, Мансұр патша секілді тұлғалардың діни қиссалар мен тарихи оқиғалардағы бейнелерін Ақанның өз жырларына қосу арқылы олардың өмірлерін, көрген сынақтарын Науанға үлгі етіп, сабырға шақырғандығы талданды. Ақан сері әдеби шығармаларда қолданылатын аллюзия мен дидактикалық әдісті, топос пен тарихи канондық әдісті, поляризация, идеялық тұтастық, конфликт, антитеза, символ секілді әдістердің барлығын «Сабыр түбі сары алтын» атты діни мазмұндағы өлең шумақтарында шебер қолдана білген. Ақан бұл арқылы өзінің және қазақ халқының діни дүниетанымын, ислам дінінің тілдік бейнесін көрсете алған.

XIX ғасырдың басындағы қазақ халқының егемендігі, тілі, діні мен мәдениетін сақтау мақсатында қажырлы күрес жүргізген зиялылар халықтың санасын оятып, рухани байлығын арттыруға бар күш-жігерін салды. Ақан сері мен Науан хазірет осы кезеңнің көрнекті тұлғалары ретінде ерекшеленді. Ақан сері Құран аяттары мен хадистерді терең меңгеріп, діни құндылықтарды қазақ әдебиетімен шебер ұштастыра білді. Оның шығармашылығы ислам дінінің рухани құндылықтарын насихаттай отырып, халықтың рухани дамуына

ықпал етті. Ақан серінің «Сабыр түбі сары алтын» атты өлеңі – қазақ әдебиетінде исламдық құндылықтарды көркем бейнелеудің көрнекті мысалы. Бұл шығарманың мазмұны Құран аяттары мен хадистер негізінде пайғамбарлар мен әділ халифалардың өнегелі өмірін, олардың сабырлығы мен төзімділігін дәріптеуге бағытталған. Өлеңнің негізгі идеясы – сабыр мен төзімділік арқылы рухани биіктікке жетудің маңызын түсіндіру және ислам тарихындағы маңызды оқиғаларды қазақы дүниетаныммен байланыстыра отырып жеткізу. Өлеңде Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сабырлығынан бастап, Ибраһим, Жүсіп, Айюб, Жүніс, Мұса пайғамбарлардың басынан өткен қиыншылықтар, олардың Аллаға деген шексіз сенімі мен сабырлықтары сипатталған. Бұл мысалдар адам баласының өмірінде кездесетін сынақтарға төзімді болудың маңызын аша түседі. Сонымен қатар, Науан хазірет образы пайғамбарлар мен ислам тарихындағы діни тұлғалардың рухани мұрасымен ұштастырыла отырып, қазақ қоғамына үлгі ретінде бейнеленген. Ақан сері өлеңді жазу барысында Науан хазіреттің сабырын, дін жолындағы табандылығын жоғары бағалап, оны қазақ халқының рухани көсемі ретінде ұлықтаған. Бұл шығарманың құндылығы – қазақ әдебиеті мен исламдық дүниетанымның терең байланысын көрсетуде жатыр. Ақан сері ислам дінінің негізін құрайтын Құран мен сүннетті қазақтың рухани мұрасымен ұштастыра отырып, діннің адамгершілік құндылықтарын әдебиет арқылы насихаттайды. Сабыр, төзімділік, әділдік және имандылық – өлеңнің басты арқауы болып табылады. Бұл ұғымдар Құран аяттары мен хадистер арқылы дәйектеліп, өлең мазмұнын тереңдеті түседі.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу Ақан серінің шығармашылығын исламдық құндылықтар негізінде талдаудың маңыздылығын айқындап, қазақ әдебиетінің исламдық мазмұндағы қырларын тереңірек зерттеуге жол ашады. Қазақ халқының рухани-мәдени болмысын қалыптастырудағы діннің рөлін анықтауға үлес қосады. Ислам тарихындағы пайғамбарлар мен діни тұлғалардың оқиғалары арқылы қазақ әдебиетінде исламдық құндылықтарды бейнелеудің көркемдік ерекшеліктері көрсетілді. Өлеңнің негізгі идеясы қазіргі мұсылман қауымы үшін де өзекті. Сонымен қатар мақалада Құран, сүннет, шапағат, лағынет секілді діни ұғымдарға тілдік және діни талдау жүргізіледі. Бұл сөздердің қазақ санасындағы орны айқындалады.

Қаржыландыру

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан № BR24993035 – «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық-нысаналы ғылыми жоба аясында қаржыланды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ақан Сері Қорамсаулы. Шығармалары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2013. – 384 б.
- 2 Ғылмани С.С. Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2015. – 576 б.
- 3 Ақан Сері. Таңдамалы өлеңдері. – Алматы: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1935. – 38 б.
- 4 Әкімханов А.Б., Анарбаев Н.С. Құран Кәрім: Қазақша түсіндірмелі аударма. – Алматы: Дәуір баспасы, 2021. – 624 б.
- 5 أحمد بن الحسين أبو بكر البهقي. شعب الإيمان. الرياض: مكتبة الرشد. سنة 3002م. ج. 4. 046.
- 6 أبو عيسى محمد بن عيسى الترمذي. سنن الترمذي. بيروت: دار الغرب الإسلامي. سنة 899م. ج. 5. 004.
- 7 عبد الملك بن هشام. السيرة النبوية. القاهرة: دار القلم. سنة 0991م. ج. 2. 256.
- 8 عبد الله بن محمد بن أبي سعيد بن أبي الموفق. مناقب الإمام أبي حنيفة. القاهرة: مطبعة الأهرار. سنة 8691. 004.
- 9 عبد القادر البغدادي. تاريخ المذاهب الإسلامية. بيروت: دار الكتب العلمية، 1002. 554.
- 10 محمد بن عبد الله بن أبي زمنين. التفسير. ج. 4. 003.
- 11 محمد بن مكرم بن منظور. لسان العرب. القاهرة: دار المعارف، 5891. ج. 8. 987.
- 12 محمد بن علي بن محمد الشوكاني. فتح القدير. ج. 4. 026.
- 13 ابن كثير. تفسير القرآن العظيم. القاهرة: دار المعارف، 0002. 477.
- 14 إسماعيل بن عمر بن كثير. قصص الأنبياء. القاهرة: دار المعارف، 0002. 013.
- 15 Бабалар сөзі: Қазақ фольклоры. – Т. 100. – Алматы: Мәдениет және спорт министрлігі, Ұлттық кітап палатасы, 2014.
- 16 محمد بن إسماعيل البخاري. صحيح البخاري. القاهرة: دار المعارف، 0002. 3212.
- 17 محمد بن جرير الطبري. تاريخ الرسل والملوك. القاهرة: دار المعارف، 7691. ج. 1. 054.
- 18 جلال الدين عبد الرحمن السيوطي. تاريخ الخلفاء. القاهرة: دار المعرفة، 5102. 053.
- 19 أبو القاسم علي بن الحسن ابن عساکر. تاريخ دمشق. بيروت: دار الفكر، 5991. ج. 61. 004.
- 20 أبو حاتم محمد بن حبان ابن حبان. صحيح ابن حبان. بيروت: مؤسسة الرسالة، 8891. ج. 1. 006.
- 21 سليمان بن أحمد الطبراني. المعجم الكبير. القاهرة: المكتبة الإسلامية، 4891. 008.
- 22 عبد الله بن المبارك. الزهد. القاهرة: المكتبة الإسلامية، 5891. 053.

Transliteration

- 1 Aqan Seri Qoramsauly. Shygharmalary [Works]. – Almaty: ZhShS «Qazaqstan» baspa ui, 2013. – 384 p. (in Kaz)
- 2 GhyImani S.S. Zamanimizda bolghan ghulamalarydyn ghumyr tarikhtary [The biographies of scholars of our time]. – Almaty: Daik-Press, 2015. – 576 p. (in Kaz)
- 3 Aqan Seri. Tangdamaly olerderi [Selected poems]. – Almaty: Qazaqstan korkem adebiet baspasy, 1935. – 38 p. (in Kaz)
- 4 Akimkhanov A.B., Anarbaev N.S. Quran Karim: Qazaqsha tusindirmeli audarma [The Quran Karim: Kazakh explanatory translation]. – Almaty: Daur baspasy, 2021. – 624 p. (in Kaz)
- 5 Ahmad ibn Husayn al-Bayhaqi. Shu'ab al-Iman [The Branches of Faith]. – Vol. 4. – 640 p. (in Arabic)
- 6 Abu Isa Muhammad ibn Isa at-Tirmizi. Sunan at-Tirmizi [The Tirmidhi collection]. – Beirut: Dar al-Gharib al-Islami, 1998. – Vol. 5. – 400 p.
- 7 Abd al-Malik ibn Hisham. As-Sira an-Nabawiya [The Prophetic Biography]. – Cairo: Dar al-Qalam, 1990. – Vol. 2. – 652 p. (in Arabic)
- 8 Abdullah ibn Muhammad ibn Abu Said ibn Abu

al-Muwafaq. Manaqibu Imam Abu Hanifa [The virtues of Imam Abu Hanifa]. – Cairo: Al-Azhar baspasy, 1968. – 400 p. (in Arabic)

9 Al-Baghdadi Abdul-Qadir. Tarikh al-Mazahib al-Islami [The History of Islamic Schools of Thought]. – Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah, 2001. – 455 p. (in Arabic)

10 Muhammad ibn Abdullah ibn Abi Zamin. Tafsir [Commentary]. – Vol. 4. – 300 p. (in Arabic)

11 Muhammad ibn Mukarram ibn Manzur. Lisan al-Arab [The Tongue of the Arabs]. – Cairo: Dar al-Ma'arif, 1985. – Vol. 8. – 789 p. (in Arabic)

12 Muhammad ibn Ali ibn Muhammad ash-Shawkani. Fath al-Qadir [Opening of the Omnipotent]. – Vol. 4. – 620 p. (in Arabic)

13 Ibn Kathir. Tafsir al-Quran al-Azim [Exegesis of the Great Quran]. – Cairo: Dar al-Ma'arif, 2000. – 774 p. (in Arabic)

14 Ismail ibn Umar ibn Kathir. Qisas al-Anbiya [Stories of the Prophets]. – Cairo: Dar al-Ma'arif, 2000. – 310 p. (in Arabic)

15 Babalar sozi: Qazaq folklori [The Words of Ancestors: Kazakh Folklore]. – Vol. 100. – Almaty:

Madeniet zhane sport ministriligi, Ulttyk kitap palatasi, 2014. – 450 p. (in Kazakh)

16 Al-Bukhari Muhammad ibn Ismail. Sahih al-Bukhari [Authentic of Bukhari]. – Cairo: Dar al-Ma'arif, 2000. – 2000 p. (in Arabic)

17 Tabari Muhammad ibn Jarir. Tarikh ar-Rusul wa al-Muluk [The History of Prophets and Kings]. – Cairo: Dar al-Ma'arif, 1967. – Vol. 1. – 450 p. (in Arabic)

18 Suyuti Jalaluddin Abdurrahman. Tarikh al-Khulafa [The History of Caliphs]. – Cairo: Dar al-Ma'arif, 2015. – 350 p. (in Arabic)

19 Ibn Asakir Abu Qasim Ali ibn al-Hasan. Tarikh Dimashq [The History of Damascus]. – Beirut: Dar al-Fikr, 1995. – Vol. 16. – 400 p. (in Arabic)

20 Ibn Hibban Abu Hatim Muhammad ibn Hibban. Sahih Ibn Hibban [The Authentic Collection of Ibn Hibban]. – Beirut: Muassasat ar-Risala, 1988. – Vol. 1. – 600 p. (in Arabic)

21 Tabarani Sulayman ibn Ahmad. Mujam al-Kabir [The Great Dictionary]. – Cairo: Maktabat al-Islamiya, 1984. – 800 p. (in Arabic)

22 Ibn al-Mubarak Abdullah. Az-Zuhd [Asceticism]. – Cairo: Maktabat al-Islamiya, 1985. – 350 p. (in Arabic)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Рашид Сражович
Мухитдинов*

доцент м.а., филология ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3910-8222

Юсуф Құрманғазыұлы

исламтану ғылымдарының магистрі, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: mrs78@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-7010-9101

*Рашид Сражович
Мухитдинов*

и.о. доцент, кандидат филологических наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3910-8222

Юсуф Курмангазыұлы

магистр исламских наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: mrs78@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-7010-9101

Rashid Mukhitdinov

Acting Assistant Professor, Candidate of Philological Sciences, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3910-8222

Yussuf Kurmangazyuly

Master of Islamic Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: mrs78@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-7010-9101

